Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

4 наурыз сейсенбі
№17 (2130)
2025 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЕҢБЕК АДАМЫ

Биыл еңбек адамына деген құрмет пен сый көрсету мақсатында мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағанын білеміз. Үдеден шығып үрдісті бұзбау үшін әр жетістіктің артында еңбектің тұрғанын насихаттау – біздің міндет. Шынында, кез келген істі бастағанда ең бірінші ынта мен талап керегі анық. Осы орайда бүгінгі кейіпкердің жолы бөлек.

Қаламызда құрылыс қарқыны көз қуантады. Жаңа ғимараттар мен тұрғын үйлер бой көтеріп жатқанда сол құрылыстың биігінде жұмыс істейтін краншылардың еңбегі туралы ойлай бермейтініміз шындық.

БҰЛ МАМАНДЫҚҚА ШЫДАМ МЕН ТӨЗІМ КЕРЕК

Шетелдерге шыны экспорттап отырған шыны зауыты туралы естіген шығарсыз. Онда күніне 10 вагоннан астам өнім Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстанға шыны жеткізіледі. Сол зауытта 3 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Медеу Ерболұлы кранды тізгіндеп келеді.

– Барлық назарың алдыңдағы ілінген жүкте болуы керек. Себебі ондаған тонналық жүк төмендегі жұмысшыларға қауіп төндірмеуі тиіс. Ең алғаш жұмысқа келгенде тәжірибе болмаған соң, тек ағаш жүктерді көтеріп жүрдім. Уақыт өте келе ынта қойып, 1-2 айдың ішінде үйреніп алдым, – дейді ол

Жұмысқа келген жігіттердің көбі шыдамаған соң жұмысқа тұрақтамай шығып кетеді екен. Себебі кран айдау оңай жұмыс емес. Ол кран айдау үлкен жауапкершілік екенін айтады.

– Краншының басты қасиеті – шыдамдылық. Өткен жылы жаз айында бірнеше жігіт жұмысқа келді. Бәрі тұрақтамай шығып кетеді. Қазір қасымдағы көмекші жігіт екеуміз күніне 10 вагон шыны тиейміз, – дейді кейіпкеріміз.

Краншы Медеу кез келген істі қолға алғанда еңбек пен табандылықтың жетістікке жеткізетінін түсінген. Жұмыстан бос уақытында көлік бояу ісімен де айналысады.

Ағам соғылған көлікті қалпына келтіру мен көлікті бояу ісімен айналысамын. Қызыққан соң оған өзім сұранып барып үйреніп алдым. Алғашында ақысыз жұмыс істеп, көлік бояу өнерін меңгеріп алған соң өзім бөлек кәсіп етіп жүрмін. Қазір жалға орын алып, халыққа қызмет көрсетудемін. Аз-аздап түскен ақшаға бояу құралдар мен аппараттар да сатып алдым дейді, – Медеу Санақ.

Думан КЕҢШІЛІК

ДИҚАНҒА КӨМЕК

Көктемде жер жыртып, дән сеуіп, жазда мол өнім жинау – диқанның арманы. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған бұл кәсіп түрі еңбекті талап ететіні сөзсіз. Ауа-райының ыстығы мен суығына қарамастан жердің жайын ойлаған шаруаларға мемлекеттің де қолдауы ерекше. Өткен жылы республикадан аграрлық саланы қолдауға 26,6 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде субсидиялауға бөлінген 16,8 млрд теңге игерілген. Облыста ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті де артып келеді.

«Апталықтың» коллажы

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы облыстан 73 мың тоннаға жуық өнім экспортталған. Әлемнің 17 мемлекеті Сыр өңірінен өндірілген күріш, балық өнімдері, қамыс, күріш қалдығы, қауын, қарбыз тағы да басқа өнімдерін тұтынып отыр. Атап айтқанда, 67 мың тоннаға жуық күріш өнімі Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Тәжікстан, Украина, Моңғолия, Өзбекстан, Грузия және Ирак мемлекеттеріне жөнелтілген.

Облыстан Ресей, Литва, Қытай, Дания, Нидерланды, Чехия, Германия, Грузия, Румыния мемлекеттеріне 2 200 тоннаға жуық балық жіберілсе, сондай-ақ қамыс өнімі Германия, Дания, Польша және Нидерландыға экспортталды. Ал көрші отырған Ресей өңірден шыққан 140 тонна күріш қалдығы мен 384 тонна қызанақ, 1 280 тонна қарбызды тұтынып отыр. Өзбек ағайындар болса 33 тоннаға жуық қой мен ешкі, 20 тоннаға жуық жүзім өнімін бізден алған.

Иә, жоғарыда келтірілген өнімнің бәрі Сыр өңірі диқандары мен еңбек адамының жемісі. Сонымен бірге үкімет тарапынан көрсетілген ерекше қолдауды да атап өткен жөн. Сөзіме дәлел үкімет отырысында да шаруаларға көмек мәселесі қаралды. Үкімет басшысы Олжас Бектенов басшыларға тиімділігі мен жауапкершілігі жоғары диқандарды қолдауға жеңілдетілген несие беруді тапсырды. Астықтың бітік шығуы егіс науқанын сапалы әрі уақытылы жүргізілуіне байланысты. Экономикалық өсуде аграрлық сектордың ерекше орын алатынын атап өтті. Сондай-ақ үкімет басшысы нарықта сұранысқа ие экспортқа шығаруға болатын және көбірек табыс әкелетін дақыл алқаптарын кеңейтуге басымдық беру қажет екенін айтты.

– Мемлекет егін науқанын ойдағыдай өткізу үшін қажетті шаралардың барлығын қабылдады. Жұмыстарды нәтижелі әрі ұйымдасқан түрде жүзеге асыруымыз қажет. Ауыл шаруашылығы министрлігі жеңілдетілген несие жауапкершілігі жоғары диқандарды қолдауға беру қажет. Бөлінген қаражаттың дұрыс жұмсалуы әкімдіктің бақылауында болуы тиіс. Егіншілерді сапалы және тексеруден өткен тұқым қорымен қамтамасыз ету маңызды. Ол үшін бірінші отандық өндірушілерді ынталандыру қажет, – деді премьер-министр Олжас Бектенов.

2-БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

Оқырмандарға белгілі, бұған дейін облыстық мұражай қорында Қызылорда астана болған жылдары өңірдегі баспаханадан басылған кітапшалар сақталғанын жазған едік. Өлкетанушы Байзақ Жұмабайұлының төте жазудан қазақ тіліне аударған кітапшаларының қатарында Смағұл Сәдуақасовтың «Ұлт театры» атты еңбегі де бар. Қызылордада ұлт театрының негізі қаланып, алғаш «Алтын сақина» пьесасының қойылғаны, жалпы ұлт театрының негізін қалаудағы қиындықтар жайын баяндаған бұл еңбек ұлт тарихы үшін құнды екені даусыз. Музей қорында тарихтан сыр шертер талай еңбек бар екені даусыз. Біз де алтын көмбеге жолыққандай қуанып, кітапшаны суретке түсіріп алып, жариялағанды жөн көрдік.

Қызылорданың Астана болғанына ғасыр толған жылда бұл кітапшалар кітап болып басылып шығып, кітапханаларда тұрса құба-құп.

Редакциядан

ҰЛТ ТЕАТРЫНЫҢ НЕГІЗІ ҚАЛАЙ ҚАЛАНДЫ?

Ұлт театры

Басқармадан

Бұл кітапша Смағұл жолдастың «Еңбекші қазаққа» жазған мақалаларынан құралды. Еуропа елдерінде театр мәдениетінің үлкен бір кесегі театр арқылы Еуропада мыңдаған, миллиондаған халық тәрбиеленеді.

Қазақ арасында төңкерістен кейін театр кітаптары жазыла бастады. Бірақ бұл күнге дейін біздің түпкілікті жасалған театрымыз болмай келді. Сондықтан бұл жұмыс қалың жұртқа әлі таныс емес.

Қазақстанның Халық ағарту комисарларының шақыртуы бойынша осы күні Қызылордаға отыз шақты қазақтың артистері жиналып отыр. Бұлардың алғашқы аяқ алысына қарағанда бізде де кешікпей өнер театры орнайды деген үміт бар.

Қазақстанның Халық Ағарту комиссарларының шақыртуы бойынша осы күні Қызылордаға отыз шақты қазақтың артистері жиналып отыр. Бұлардың алғашқы аяқ алысына қарағанда бізде де кешікпей өнер театры орнайды деген үміт бар.

Жаңа жасалғалы отырған игілікті іс пен аз да болса, оқушыларымызды таныстырмақ ниетте мен «Еңбекші қазақтың» кітапханасының екінші нөміріне осы кітапшаны ұсынып отырмын.

«Еңбекші қазақ» басқармасы.

Театр

«Театр» дегенді елдің көбі білмейді. Театр еуропа тілі, біздіңше айтқанда театр ойын деген сөз. Бірақ театр осы күнгі қазақтың Алтыбақан тебетін ойыны сықылды емес. Театр қазақтың қыз ойыны, шілдеханасына ұқсамайды. Театр деп қазақтың тойын, балуан күресін де айтуға болмайды.

Олай болғанда театр өмірде жоқ, бірдеме шығар? – дер біреу.

Жоқ, олай емес. Театр өмірдің ойыны. Театр тұрмыстың ойыны. Театрдың ішінде тойды да, шілдехананы да, қазақ ойындарын да көруге болады.

Бірақ театр ойынының тәртібі өзгеше. Біздің қазақта қандай театр тууы мүмкін?

Театр бізде қандай болуы керек, ойнаушылары кім, ойнайтындары не? Осы туралы біраз сөйлейік. Осы күнгі біздің көріп біліп жүрген театрымыз отырықшы елде, отырықшы елдердің ішіндегі үлкен қалалар сөзсіз театрды тілеп тұрады. Қаланың мәдениеті, қаланың тұрмыс жағдайы театрды еріксіз туғызады. Үлкен қалаларда театрды көрушілерде көп. Бір күні біреуі келсе, екінші күні біреуі келеді, көпшіліктің арқасында театр күн сайын кісісіз болмайды.

Мәскеудегі «Үлкен театр» партиялары екі «ұлт партияларына» кезек тимей қалатын да уақыт болды. Театрға бару үшін кей кезде неше күндей шереткеде тұрады. Әрине, біздің қазақ тұрмысында мұндай қалды әзір күтуге болмайды. Бізде әлі үлкен қала жоқ. Қала мәдениеті жаңа туудың алдында. Құр ауызды толтырып айтқандағымыз. Қазақстанда театр бір күнде жасалмайды осы бастан талаптанбасақ, соңырағы күні жақсы театр аспаннан келіп түспейді. Театрды жасауға болады. Еңбектенсе істелмейтін нәрсе жоқ.

3-БЕТТЕ

Олжас НАРЫМБЕТОВ, дінтанушы:

ОЛАР ҮШІН САУАТСЫЗ МЫҢ АДАМ ТАРТҚАННАН САУАТТЫ БІР АДАМДЫ АРБАҒАН АРТЫҚ

Дін – қоғамдағы әлеуметтік-мәдени саланың бірі. Сондықтан діни сауаттылық пен діни танымды дамыту әрбіріміз үшін өте маңызды. Әсіресе жастардың деструктивті ағымдар жетегінде кетпеуі үшін не істеуге болады? Алдын алудың қандай алғы шарттары бар? Осы тақырып төңірегінде Қызылорда облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің дінтанушы маманы Олжас Нарымбетовпен сұхбаттасқан едік.

– Олжас Жақыпбекұлы, өзіңіз білесіз діни сауаты жоқ кез-келген адам жат ағымдардың жетегінде кетіп жатыр. Мұның соңы жақсылыққа апармайды. Оны алдын алу үшін не істей аламыз?

– Иә дұрыс айтасыз. Әуелгі мәселе сауаттылықпен байланысты болған соң кез келген мектеп оқушысына әуелі әліппені үйреткен секілді балаларға алғашқы негізгі діни негіздер мен мағлұматтардың қысқаша болса да ақпарат беру маңызды деп есептеймін. Ислам діні және өзге діндер болсын, жастарға осы бағытта мәлімет беру қажет. Себебі әр саланың лайықты маманы болу үшін сол саланы шығу тарихынан және негізгі деректерінен бастап зерттеу қажет екені белгілі. Діни мәселе де сол секілді. Қоғамда адамдардың жат ағымға еріп кетпеуі үшін әуелі діни ақпараттарды өзінің ақыл тұрғысынан сүзгіден өткізе алуы қажет. Дін тек әртүрлі саладан ғана қамтылмаған. Дін ол адамдардың өмір сүру салты, мәдениеті, қоғаммен қарым-қатынасы тәрізді басқа да өмірлік қажеттіліктерді қамтып жатқан дүние. Дін – ол өте нәзік. Сол себепті діни мәселеде өте жауапкершілікпен қарау маңызды. Діни проблеманың алдын алуда осы жауапкершілікті тек дін саласының мамандарымен емес, жалпы қоғам болып атқаруда.

– Жат ағым өкілдерінің негізгі белгілері қандай?

– Жат ағым өкілдерінің бірнеше белгілері бар. Әуелі сыртқы бейнесінен, яғни киім кию үлгісі және түр сипатынан аңғаруға болады. Ер азаматтардың ұзын сақалды және шолақ балақты болуы. Әйел азаматшалардың толықтай қара жамылып киінуі секілді сипаттарынан білеміз. Екіншіден, қоғамда тек өздерін ғана ақиқат жолындамыз деп есептейді. Басқаларға адасқандар деп үкім шығарады. Қоғамдағы дінбасыларға және имамдарға бағынбайды. Оларды да адасқан және білімсіз деп санайды. Еліміздің дәстүрлі сенімі мен мәзһабтарды жоққа шығарады. Адамдарды «тура жолдағылар» мен «адасқандар» деп екі топқа бөліп қарастырады. Ұлттық құндылықтарымызды, жалпыға тән салт-дәстүрлерді мойындамайды. Зайырлы тұрғыдағы мерекелер мен шараларды тойлаудан бас тартады. Мемлекетіміздің заңдарын, басқару құрылымдары мен билік органдарын мойындамайды, бағынбайды. Азаматтық міндет болып саналатын әскерге бару немесе вакцина қабылдаудан бас тартады. Ең көп көзге түсетін белгілердің бірі де қоғамдағы әйелдердің құқығын таптауы. Оларға құдды бір бұйым немесе пайдаланатын зат секілді қарауы. Некелесіп, ұзақ уақыт өтпестен ажырасып, абыройына нұқсан келтіру сияқты себептерін айтсақ болады. Соңғы уақыттарда жат ағым өкілдерінің белгілері жаңаша сипатқа ие болғаны жатқандығы байқалуда. Оған мысал ретінде әлеуметтік желілерде психологиялық дайындықтарын қолдана отырып адамдарды адастыруын айтуға болады.

2-БЕТТЕ

Қала әкімінің мәжіліс залында VIII шақырылған қалалық мәслихат депутаттарының кезектен тыс отыз төртінші сессиясы өтті. Сессияға қала әкімі Нұржан Ахатов, қала әкімінің орынбасарлары, сала басшылары, ауыл-кент әкімдері қатысты.

ҚАЛА БЮДЖЕТІ НАҚТЫЛАНДЫ

Күн тәртібінде 5 мәселе қаралды. Бірінші мәселе «2025-2027 жылдарға арналған Қызылорда қаласының бюджетін бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №223-32/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» бойынша қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова хабарлама жасап, бюджетке енгізілген өзгерістерге түсініктеме берді.

– 2025 жылы қала бюджетіне облыстық бюджеттен бөлінген 6 855 346,5 мың теңге нысаналы даму трансферттер арқылы қайтару жоспарлануда.

2024 жылы облыстық бюджеттен бөлініп, 2025 жылдың 1 қаңтарында толық игерілмей қалған 61,6 мың теңге кредит сомасы 467 098 «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу» бюджеттік бағдарламасына қайта бағытталды, – деді ол.

Сондай-ақ баяндамада қалалық бюджетке өзгерістер енгізу барысында 7 млрд теңгеге жуық қаржы қаланың коммуналдық-шаруашылық салаларына бағытталғаны жөнінде айтылды. Оның ішінде Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №3 ауданда 5 қабатты 10 тұрғын үйдің құрылысын салу, Сырдария өзенінің сол жағалау бөлігіндегі 7 қабатты 84 пәтерлі тұрғын үйлерге инженерлік желілер салу, Қосшыңырау ауылдық округі 4 көшеге қиыршық тас жолын салу, Қызылорда қаласының аумағында инженерлік инфрақұрылымының электр желілерін салу, «Ягодка, «Пищевик» саяжайларын ауызсу, электр желілері және қиыршық тасты жол құрылысы» жобасының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу және сараптама қорытындысын алу жұмыстары кезең-кезеңімен орындалады деп жоспарлануда.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Жекелеген санаттағы азаматтарға жеңілдіктер беру туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 қазандағы №113-17/5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» бойынша қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева хабарлама жасап, депутаттар бірауыздан шешім қабылдады.

Сонымен қатар сессия барысында «Қызылорда облыстық ономастикалық комиссиясының қарауына Қызылорда қаласының Белкөл кенті мен Талсуат ауылдық округіндегі идеологиялық тұрғыдан ескірген құрамдас бөліктерді қайта атау жөніндегі ұсыныстарды енгізу туралы», «Қызылорда қаласының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы», «Қызылорда қаласы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» мәселелері талқыланып, шешім шығарылды.

Сессия отырысында мәслихат депутаттары жергілікті атқарушы органдарға бірнеше маңызды ұсыныстарын жеткізді. Мәселен, қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев идеологиялық жағынан ескірген көше атауларын қайта атау барысында жергілікті маңызы бар тарихи атаулармен атау, ескерусіз қалып қойған тұлғаларды назарда ұстау керектігіне тоқталды.

Ал депутат М.Есжанов шет аймақтар мен елді мекендердегі жолсыз көшелерге жол салуды ескеру жөнінде айтып өтті. Шешімін таппай келе жатқан бұл мәселелердің тым созылып бара жатқанын да еске салды.

Сессияда сөз алған қала әкімі Нұржан Ахатов биыл да қалада ірі жобалар жүзеге асатынын атап айтты.

– Қаңтар айында ауыл шаруашылығы, құрылыс, инвестиция, сауда макроэкономикалық көрсеткіштерінде өсім қалыптасты. 2025 жылға арналған қалалық бюджет 73,1 млрд теңгеге бекітілді. Өткен жылдың ішінде қалада инфрақұрылым дамып, бірқатар жұмыс атқарылды. Биыл жоспарлаған ауқымды жобаларымыз бар. Бөлінген қаржылар ел игілігіне жұмсалатын болады. Бүгін қала бюджеті алғашқы нақтылауға ұсынылуда. Аймақ басшысының қолдауымен Сырдың бас шаһарын дамытуда, оның ішінде тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыруда көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, мәдени орталықтар мен демалыс орындарын салу және қайта жаңғырту қарқынды жүргізілуде. Байыпты бастамалар, жарқын жобалар биыл да жалғасады. Ел мүддесі жолында тыңғылықты істер жасалады деп сенеміз, – деді шаһар басшысы.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Олжас НАРЫМБЕТОВ, дінтанушы:

ОЛАР ҮШІН САУАТСЫЗ МЫҢ АДАМ ТАРТҚАННАН САУАТТЫ БІР АДАМДЫ АРБАҒАН АРТЫҚ

– Таңғалдыратыны, деструктивті діни ағым ұстанушылар көзі ашық, оқыған адамдарды да өздеріне ілестіріп, топтарына қосып алады. Мұның сыры неде? Арбау сәтінде олар неге мән береді?

– Ол рас. Тіпті діни сауаты бар адамдардың да жат ағымға кетіп жатқандары жоқ емес. Олардың қатарында жоғары ғылыми дәрежесі бар немесе бұрын мемлекеттік құзырлы органдарда лауазымды қызмет атқарған азаматтар да жетерлік. Жалпы білімге, ғылымға құштар адамның әділдік пен тұрақтылық ұстанымының жоғары болатыны мәлім. Осы сипатқа ие адамның жат ағымның идеологиясына алдануы және сол сенімін салыстырмалы түрде барлығынан «дұрыс» деп есептеуі жат ағым арбаушыларының басты мақсаты десек болады. Шенді әскери адамның адасқан сәттегі өзгеруін мысал ретінде келтірсек болады. Яғни, әсери адам жат ағымның құрығына түскен күннен бастап нағыз «қарулы джихад» жолында өз жанын құрбан ете алатын, қару-жарақтың сырын толықтай түсінетін таптырмас соғыс құралына айналары сөзсіз. Бұның себебі де арбаушының психологиялық тұрғыдан дайындығының көрсеткіші. Ғылым жолында тер төгіп, еңбек етіп, түрлі кітап жазып, көпшіліктің алдында өзінің насихатын жүргізіп жүрген бір ғалымның осыншама еңбегі еленбей қалса, оның қоғамға деген өкпе-реніші жат ағым өкілдерінің назарына ілінетін қайталанбас мүмкіндік десек болады. Себебі қоғамда еленбей қалған ғалым жат діни ағымның құрығына түскен сәтте нағыз дайын радикалды уағызшыға айналары сөзсіз. Радикалдардың көздеген мақсаты да осы. Олар үшін қарапайым халықтан гөрі, қоғамда беделді азаматты құрығына түсіру пайдалы қазба тапқанмен тең. Сауатсыз мың адамды тартқаннан, сауатты да білімді бір адамды арбауы тиімді. Себебі радикалды ғалым сол сауатсыз мыңдаған адамды өз идеологиясына тартып насихаттай алатын бірден-бір адам. Бұл деген олардың миссиясының айқын жеңісі секілді.

– Діни білім алуға ұмтылған жастарға не айтасыз?

– Қазіргі кезде жастардың дінге қызығушылығының артуы қуантарлық жағдай. Дегенмен әр жақсы көрінген нәрсенің жанында жаман нәрсенің де тепе-тең жүретіні ақиқат. Егер дінді радикалдар емес, тек қана сенімді дін мамандары насихаттайтын болса діни проблема мен адасушылық мүлде болмаушы еді... Діни білім алғысы келетін немесе дін маманы болғысы келетін жастарға айтқым келетіні, қазақта «тауық сойса да, қасапшы сойсын» деген сөз бар. Дінді үйренерде ең алдымен діни мағлұматтарды білікті маманынан алыңыз. Өмірлік бағыт-бағдар беретін сенімді имам немесе ұстазыңыз болсын. Соңғы кездерде шет мемлекеттерде білім алғысы келетін жастардың қатары көбеюде. Діни білім алуға ниеттеніп шетел асып жатқан жастар да аз емес. Жалпы кез келген саланың лайықты маманы болу үшін шетелдерде өз тәжірибесін арттыру жақсы мүмкіндік. Десек те «әр елдің салты басқа» демекші, өзге елдің ішіндегі діни тұрақтылық пен ұстану ережелері өзге бір елдің ұстанымына, дәстүріне сәйкес келе бермейтінін ұмытпаған жөн. Дінге қызығып жүрген жастарға айтарым, ең әуелі қазақтың әдебиеті мен тарихын, ондағы діннің орны және салдәстүрмен сабақтастығын жақсылап зерттеңіз. Себебі жат ағымдарға ілесіп кетудегі себептердің бірі – ұлттық салт-дәстүр мен тарихты ұмыту болып табылады. Елімізде діни білім алатын оқу орындары жоқ десеңіз қателесесіз. Өз кезегінде шетелде діни білім алғысы келетін жастарға діннің негіздері мен қағидаттарын әуелі еліміздегі отандық діни білім беру орындарында үйренгені абзал. Келесі кезекте сол алған діни білімін шыңдау мақсатында шетелдердегі мемлекеттік университеттерде жалғастыруға кеңес берер едім.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Балауса ҚАСЫМХАНҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

ҚАһАРЛЫ КҮНДЕР ҚАһАРМАНЫ

Қан майданның отты өткелінен өтіп, кейінгі ұрпақтың бейбіт өмірі жолында кескілескен соғыстың зардабын көрген жауынгерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Олар бейбіт өмірді жанқиярлықпен қорғап қалған қыран қанатты ержүрек сарбаздар еді. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз Елеусін Қайназаров небәрі жалындаған 19 жасында дүниені дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғысқа өзі сұранып, аттанғандардың бірі.

1922 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қашқансу елді мекенінде дүниеге келген оның кейінгі ұрпаққа қалдырған ұлағаты өлшеусіз.

Тумысынан жігерлі, намысқой, батылдығымен ерекшеленген жан Отанын қорғауды, елдің тыныштығын сақтауды перзенттік парызы санап, 1941 жылы майданға аттанады. Майдан даласында жеке ұлттық атқыштар бригадасының №101 артиллериялық дивизионы взводының радиотелеграфисі болып, соғыс қимылының ең қауіпті нүктелерінде ұрысқа қатысады. 1942 жылы бұл бригада Калинин майданының 39-әскерінің құрамына өтеді. 1942 жылғы қарашадан 1943 ші жылғы қаңтарға дейін Оленино қаласының жанындағы шабуылда кеңес әскері үлкен шығынға ұшырап, Сталинград маңындағы айқаста ұрыс тәсілі нығая түседі. Ұрыс даласындағы байланыстың үзілмеуіне жауаптылықты міндетіне алған жауынгер Е.Қайназаров ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, әскерилерді тың ақпаратпен қамтамасыз етіп отырады. Оқ пен оттың ортасында жан берісіп, жан алысқан майдан шебінде жас сарбаз 1943 жылы ауыр жараланады. Емделіп шыққан соң Ростовтағы артиллерия мектебіне оқуға түседі. Оны үздік бітіріп, шыңдалған жауынгердің қарымқабілетін байқаған әскери басшылық Е.Қайназаровты взвод командирі дәрежесімен майданға жібереді. Қатардағы әскериден командирлікті міндетіне алып, майдандастарын ұйымшылдықпен басқарып, асқан ерліктің үлгісін көрсетеді. Қазақта «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер» деген аталы сөз бар. Қанды соғыстың ақырғы күндеріне дейін майдан шебінде дұшпанына ажал оғын жаудырған жеңіс солдаты 1946 жылдың маусымында аман-есен елге оралады. Бейбіт еңбекке араласып, Қармақшы аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, партияның облыстық комитетінің мектептер мен жоғары оқу орындары бөлімінің нұсқаушысы болып жауапты қызмет атқарады. 1951 жылы облыстық милиция басқармасы бастығының саяси бөлім бойынша орынбасары, ал 1956 жылы Алматы қаласындағы милиция орта мектебі бастығының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. 1961 жылы Алматы қаласының мемлекеттік автоинспекция бөлімшесі бастығының орынбасары, артынша бөлімше бастығы лауазымына көтеріледі. Ұйымдастырушылық, іскерлік тәжірибесімен ерекшеленген басшы салаға ерекше серпіліс пен тың идея әкеліп, қызметін үздік атқарады.

Е.Қайназаров ағамыздың өмір жолына көз жіберсек, тарихи сәттерге куә болғанын байқаймыз. 1963 жылы елге Дінмұхаммед Қонаев басшылық жасаған тұста шетелден келген қонақтарды табиғат аясында қыдырту сәтінде Алматы қаласының көше қозғалысын реттеу бөлімінің бастығы Елеусін Қайназаров та бірге жүреді. Сол кезеңде сел жүріп, төтенше жағдай орын алады. Бұл жайында ол өзі былай деп еске алған екен: «Маған дауыс зорайтқыш қондырғымен тар жолда көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттеуге, «қорғалатын» тұлғаның көпірден шұғыл өтуін қамтамасыз етуге тура келді, өйткені әр секунд қымбат болды. «Чайка» көлігі өткеннен кейін көпір балшық тас ағынының қысымымен құлады. Мен әріптестеріммен бірге құтқару жұмысын ұйымдастыру үшін

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ

қалдым». Осылайша өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, алғысқа бөленеді. Адамдарды, мемлекеттік мүлікті су тасқынынан құтқару, адамдарды қауіпсіз аудандарға эвакуациялауды ұйымдастыру бойынша жанқиярлық жұмысы үшін Е.Қайназаров 1963-ші жылы 27 тамызда КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының атынан «Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша үздік қызметі үшін» медалімен марапатталады.

1969 жылғы шілдеден бастап 1976 жылғы маусымға дейін Е.Қайназаров ІІБ Штабын басқарды. ІІБ жеке құрамы арасында ақпараттық-талдамалық жұ-мыспен, бөлімше жұмысын жоспарлаумен, инспекциялаумен, кезекші бөліммен және тәрбие жұмысымен айналысады. Құқық қорғау органдарындағы еңбегі мен тәжірибесі ескеріліп, 1976 жылы ол Қазақ КСР ІІМ Штабы бастығының орынбасары лауазымына жіберіледі. Сол жерден үлкен абыроймен еңбек демалысына шығады.

Алайда үлкен ізденіс пен шығармашылық шабыт ол кісінің үлкен қасиеті еді. Ешқашан тыным таппай бойындағы білімі мен тәжірибесін, ақыл-ойы мен парасатын келер ұрпаққа аманаттап кетсем деген асқақ арманмен өмір сүріп, диссертация қорғап, оқу-әдістемелік құралды редакциялады. ІІО қызметкерлері мен ардагерлері туралы естелік, мақалалар, көркем пьесалар да жазды. Құқық қорғау саласындағы қызметкерлерге арнап «Алматы МАИ: өткені мен қазірі» атты Алматы қалалық полициясы туралы тарихи очерк шығарса, тіпті қалың оқырманға арнап «Қазақстан тарихы» кітабын жазды. Ол көптеген кітап пен оқулықтың құрастырушысы және редакторы болды. Мысалы, «Қазақстанның ІІО құрметті тұлғалары» атты естелік кітабы 1998 жылы жарық көрді. Барлығы 100 баспа табақтан асатын ғылыми мақалалары мен еңбектері, «Құқық тәртібі және қоғам өмірі» атты монографиясы бар Міне, тағылымы мен ерлігі егіз ұғымдай болған майдангер Е.Қайназаров қандай құрметке болсын лайық тұлға.

Қарт жауынгердің ел үшін еткен еңбегі мен ерлігі жоғары бағаланып, Ұлы Отан соғысындағы айбынды ерлігі үшін ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша үздік қызметі үшін», «Мінсіз қызметі үшін» ІІІ дәрежелі медалімен және 13 мерекелік медалімен марапатталды. 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай Президент Жарлығымен «Ерлігі үшін» және 2003 жылы «Маршал Жуков» медалін өңіріне тақты.

Елеусін ағамыз сегіз қырлы, бір сырлы өте талантты жан болды. Табиғи талантын шыңдап, өлең жазып, ән шығарды. Қазақтың қара домбырасын жанына серік қылып, күй шертті. Әрине, ол жаны сұлу перзенттің туған жерге, өз ұлтының өнері мен әдебиеті, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген құрметінің белгісі еді.

Осындай бірегей тұлғаларға қоғам тарапынан құрмет көрсетіліп, есімі ұлықталып, көше аты берілсе құба-құп болар еді. Себебі қан майданда да, бейбіт өмірде де елдің болашағы үшін жанқиярлықпен еңбек еткен азамат қандай құрметке де лайық.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерінің бірі – инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу.

Бұл бағытта егін егу және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруға «Кең дала-2» бағдарламасы енгізілді. Бағдарлама аясында өткен жылы облысқа 10 млрд теңге қаржы қаралған еді. Соның 9 млрд жуық ақшасы шаруаларға жеңілдетілген несие ретінде берілген. Бұл да болса несібесін жерден тапқан дихандарға үлкен көмек. Бұл бастама биыл да жалғасын тауып отыр. Бағдарлама аясында республикадан 3,5 млрд теңге несие беруге қаржы бөлінді. Дихандар алған қаражатты, көктемгі және күзгі дала жұмыстарына қажетті дизель отыны, минералды тыңайтқыштар, гербецидтер, тұқым сатып алу мен ауыл шаруашылығы техникаларының ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарына пайдалана алады.

Биыл облыс бойынша барлығы 190 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру межеленуде. Оның ішінде 97,3 мың гектарына дәнді дақылдар егілетін болса, ал 3,8 мың гектарға майлы дақылдар дәнін себу жоспарлануда. Сонымен қатар 71,1 мың гектарға мал азықтық дақылдар, 71,1 мың гектарға картоп, көкөніс егілмек. Өңірдің басты дақылы күріш өніміне 86 мыңға жуық гектарға тұқым себіледі.

Мемлекет тарапынан жыл сайын аграрлық саланы қолдауға қомақты қаржылар бөлінуде. Облыста «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы арқылы 27 шаруашылықтан өтінімдер түсіп, 5 шаруашылыққа несие берілді. Ал «Даму» қоры арқылы 4 шаруашылыққа дәл осындай кепілдеме несиесі қаралған.

ДИҚАНҒА КӨМЕК

Сурет ашықдеректерден

Жоғарыда атап өткендей, облысымызда шетелдерге өнім экспорттап отырған дихандар жетерлік. Сөзімізге дәлел болу үшін біз де осындай экспорт кәсібімен айналысып отырған шаруаны іздеп көрген едік. Нәтижесінде Қазалы ауданында «Азия Қамыс» ЖШС жұмыс істеп отыр екен. «Қамыс өндіру идеясын инстрагам желісінен қызығып тауып алдым», – деген Венера Тайлақбаева 5 жылдан бері осы кәсіптің несібесін көріп отыр.

– Шетелде үйдің шатырын кәдімгі қамыспен жауып жатқанын көрдім. Кейін Нидерланды компаниясы Қазалыға келіп қамыс жинап жатқанын байқап, қызығушылық оянды. Қамыс дайындауға орманшы билеті арқылы жер учаскесін аламыз. Жылда сол жерлерден қамыс орып, көктемде тазартып, қамыс дайындауға ыңғайлаймыз. Қамысты Германия, Нидерланды, Польша, Франция тағы да басқа елдерге жөнелтеміз. Алғашында ауданның статистика есебінде тек қамыс деп көрсетілетін еді. Осы жылы құрылыс материалы ретінде патентедік. Ендігі жолы кеденнен өтетін кезде құжатты сол құрылыс материалы ретінде көрсетеміз, – дейді мекеме менеджері Венера Жақсылыққызы.

Кәсіпкер егін науқаны кезінде 250-300 адамды жұмыспен қамтиды екен. Қамысты кәсіпке айналдырған кәсіпкер өз үйінің де шатырын қамыстан жасап алыпты. «Арзан әрі тиімді», – дейді ол.

Басы 1-бетте

Думан КЕҢШІЛІК

ҰЛТ ТЕАТРЫНЫҢ НЕГІЗІ ҚАЛАЙ ҚАЛАНДЫ?

Пьесалар

Театр туралы сөйлегенде, ең әуелі ескеретініміз пьеса. Бізде күнде қандай пьеса бар? Олардың сыртқы көркемділігі, ішкі маңыздылығы қандай? Жарай ма, жарамай ма?

Бұл сұраққа әбден жауап бере аламыз. Қазақстан шыққан пьеса жазушыларды алсақ олардың ішінде кәдуілгідей төселгендері бар.

Мұхтар Әуезұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәкен, Құсмағанбет Кемеңгерұлы, Жұмат Шанин. Әрине, бұлардың бәрі бірдей емес. Бірақ осылардың қайсысы болса да жазушы екендігінде дау жоқ. «Еңлік Кебек», «Алтын сақина», «Арқалық батыр» бұл үшеуі де, күні бүгіннен бастап, театрға ойналуға жарайды. Жүсіпбектің «Сылаң қызы» да пьеса. Бірақ бұны театрға жіберудің алдында азырақ жөндеу керек. Бұл пьесаның ішкі мазмұны дұрыс. Қазақтың шала оқығанының не орыс, не қазақ еместердің өмірін сынау, олардың тұрмысының таяздығы, нашарлығын көрсету дұрыс. Бірақ Жүсіпбек адамдардың көбінесе сыртын ғана шеберлейді, адамның ішкі үні Жүсіпбектің батырларынан көп естілмейді. Сондықтан бұның адамдары қуыршақ сияқты. Қандай «жаман» дегеннің ішінде бір тамшы жақсылық бар, қандай «жақсының» өзінше бір осалдығы бар.

Әрбір адамды жеке адам ететін, әркімнің жеке өзіне ғана біткен бір «тамшысы» міне соны Жүсіпбек көбінесе таба алмайды. Жүсіпбек пьесаларының осы жағын жөндеуі керек.

«Алтын сақина» тәуір пьеса. Құсмағанбет Жүсіпбектен анағұрым тереңірек. Жеке адамның ішкі сыры бұған анағұрым танысырақ. Тегінде Құсмағанбеттің қаламынан жақсы пьесалар шығуы мүмкін.

«Алтын сақинаның» бір үлкен кемшілігі:

Көріністердің тым қысқалығы. Кей бөлімдерде көрер-көрместен шымылдық жабылып кетеді деуге болады. Пьесаның көрінуі кемінде бір сағатқа созылуы керек. Әсіресе кіріп шығып жүруді онша жақсы көрмейтін қазаққа біржолата тойғыза көрсету керек. Бұл сөзден жалқаулыққа мойынсұн деген мағына шықпайды. Пьеса жазушылар қазақтың табиғи мінездерін ескерсін дегіміз келеді.

«Еңлік Кебек» – сөзсіз ірі пьеса. Ішіндегі маңызы мен сыртқы сұлулығы бірдей пьеса. Бұл пьеса тарихи білім көзінен қарағанда да мағынасы бар. Мұндай пьесадан өткен тұрмысымыздың бір кесегін көреміз. Мұндай пьесаны біз сықылды жазылған тарихы жоқ жұртта өз алдына бір материал деп санауға болады.

«Еңлік-Кебектің кемшілігі тым ұзақтығы. Көріністің ұзақтығы емес, көріністерінің саны көп, бұл жерде тағы бір айтып өтетін сөз біздің пьесалар мәні көп болса үш, әйтпесе екі-ақ көрініс болуы керек. Қазақ бірінші көрініс не болар екен? Екінші көрініс енді қайтер екен? дейді. Үшіншіде немен тынғаны көреді. Үшінші көріністен әрі қарай қазақ жалығады. Жоғарыда айттық қой, көп қабат аз бергеннен аз қабат көп беру керек.

Сәкеннің пьесаларынан «Қызыл сұңқарлар» «Бақыт жолында» қоюға жарайды Бірақ бұғанда біздің айтатынымыз: жазғанын түзету керек. Сәкен де Жүсіпбек сияқты үстірт кететінін мінез көп. Бірақ бұл екеуінің ұқсаспайтын жері де бар. Жүсіпбектің жүріп кеткенін біле алмай қаласың. Жүсіпбек ыңғайлы, епті бозбала, Сәкен ондай емес. Тарп-тарп етіп келе жатқаны анадайдан естіледі. Сәкенде еп жоқ. Бір жерге басын сұғып алып, су кетуін, әр нәрсені сонысынан жыртып солай жүреді. Сәкеннің «Асау тұлпарының» өзге жағы өз алдына әңгіме, бірақ асаулығында талас жоқ. Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары», әрине, керек. Қазақ театры өзге жұрттай емес, ескіден қалған мұрасы жоқ. Біз осы бастан театрымызды революция негізінде құруға мүмкіндігіміз бар.

Бірақ жаңа пікірді пьесалардан бекерге қашып қағида сұрайтындарымыз бар. Мысалы: Бізге де көркемдік керек, шеберлік, шындық керек. Коммунистер қашанда болса сыртқы әдеміліктен жиренген жоқты. Іші де оңды болсын, оған қоса сырты да жақсы болсын. Расын айту керек, шеберлік, әдемілік жағынан Сәкеннің алдында жүр, солардан Сәкен үйрену керек.

Абай мен Мағжаннан сөз шеберлігін үйренуге коммунист жазушылар арланбау керек. Бұл біздің жүректен айтқан достық сөзіміз, Сәкен пьесаларын, әрине, жөндеу керек. Батырларының бәрін өңшең «сұңқарлар» қылып жібермей-ақ өзі болатын Бейсенбай, Сейсенбай, Жаңбырбай, Боранбай солар болса да жарайды, әзірге осындайларды-ақ көре тұрайық та.

Былтыр Жүсіпбек «Еңбекші қазақта» бізде театр кітабы жоқ» деп жазды. Театр кітабын көбейту үшін ол жазушыларға жалақыны көп төлеу керек деген, тағы сол сықылды әңгімелерді айтты, театр кітабының аздығына біз де қол қоямыз, бірақ тіпті жоқ деу қате. Жоғарғы айтылған кітаптарды жөндеп ойнауға кіріссек. Соның өзі біраз уақыта жетер еді. Бірақ мұнымен қатар Жүсіпбектердікіндей дұрыс жаңа пьесалар жазуға кірісуіміз керек.

Пьесаны туғызатын оқушы емес, көруші. Сондықтан ең әуелі ұлт театрын жасау керек. Островский мен Гогольді қанша жар салып іздегенімен біз таба алмаймыз, оларды табатын театр. Сөйтсе де осы бастан-ақ қылуға дайындық керек. Бұл туралы Қазақстанның халық ағарту мекемесі жаңа талаптарға жәрдемдес, көмектес болуы қажет. Жақсы пьесалар жазуға бәйге тігуі керек. Бас бәйгесі бір, екі мың теңгеден кем болмасын. Жазушылар бәйгеге түссін.

Көрейік өнерін, жарағанын пайдаға асырайық. Жарамағандары ендігі жолы түзетер. Осы күнгі қазақ тұрмысын жазушыларға қаймағы бұзылмаған байлық деуге болады. «Мен не жазайын, менен бұрын пәленше, түгенше пәлендей, төлендей жазып қойыпты» дейтін емес. Әсіресе пьеса жазушыларға қазақтың қызық тарихы бар. Тарихында ойламақ түгіл мақтанатын істері бар. Орыс жазушылары тұрып «Пугашевшинаны» жазса, біз Кенесарыны неге жазбаймыз? Қазақтың жастарының тұрмысы, әйел теңдігі, төңкеріс заманындағы оқиғалар, 16-ыншы жыл, шәкірт өмірі, мұғалім тұрмысы, ұлт мәселесі бай, кедей арасы осының бәрі жазушыны күтіп отыр.

Әртіс

Бізде ойнаушылар (әртіс) бар ма?

Әрине бар. Бірақ біздің ойыншыларымыз әлі төселген жоқ. Жалпы көптің ішінен әлі шыққан жоқ. Біздің әртістеріміз әлі өздерінің жолдарын анықтаған жоқ. Біздің әртіс әрі өлеңші, әрі ақын, әрі палуан орысшалап айтқанда біздің

әртіс операда қандай ойнаса, циркте де сондай ойнауға шамасы келеді, кейде әртістеріміз пьеса жазушы да болып шығады. Биыл Семей губерниясында болған Қоянды жәрмеңкесінде бір жігіт талай ойындар көрсеткен. Үстелдің үстіне қоян болып секіріп шығып, үстінде тұрған қымыз, самаурын, шыны айақ соның бәрін қимылдатпай қайта жерге түсіп, қайтадан үстелге шығып, сол сықылды басқа ойындар көрсеткен. Көрген кісілердің айтысына қарағанда осы жігіт театрда пьеса ойнауға да жарайтын болса керек. Биыл жаз Парижге көрініске барып келген Әміре Қашаубайұлын алайық. Бұл өте жақсы ән салатын жігіт. Әміренің әні туралы биыл орыстың журналдарында, газеттерінде көп сөз жазылды. Бәрі де Әміренің әншілігі мен әртістігін де мақтайды. Әміре «Ағаш аяқ» деген өлеңді айтқанда, шын әртіс болып кетеді. Қандай салмақты болып отырған адам. «Ағаш аяқты» естігенде еріксіз күліп жібереді. Күлдіретін сонда «Ағаш аяқтың» өлеңі емес, Әміренің өнері, оның жыламсыраған дауысы, қыржиған беті, жұмылған көздері қысқасын айтқанда, Әміренің әртістігі.

Қара қазақтың ішінен шыққан Иса ақынды алайық. Иса баяғының суырып салма ақындары сияқты өлеңді айтқанда сағатында ойдан шығарады. Иса шын ақын, бірақ Исаның едәуір әртістігі де бар. Иса өлең айтқанда құр ұйқастыруға тырыспайды, айту тәртібі біртүрлі өлеңінің мазмұнына қарай өзгертіп отырады. Біресе ақырын, біресе айқайлап кету, біресе күліп, біресе ашуланып кетуінің бәрі Исаның әртістігінде жатыр.

Бұл әншілер, ақындар, палуандар туралы. Бұлардан басқа аты шықпаған әртістер ел ішінде толып жатыр. Тағы сол Қоянды жәрмеңкесінде Қалыбек деген жігіт кемпір шал болып ойнаған, бұрын Еуропаның түзелген театрын көрген, білімді кісілердің айтысына қарағанда бұл ешбір әртістен кейін ойнамаған. Осы сықылды елдің ішінде жүрген теңіздің терең тобында көрінбей жатқан асылдар, әрине, толып жатыр. Олардың көбін біз білмейміз, баяғыда атақты Потанин айтқан екен: «Қазақ халқы өзінің әні мен адамшылық мәдениетіне үлкен олжа кіргізеді» деп. Биыл шыққан Затаевичтің «Мың әні» әрине, Потанинді өтірікші қылған жоқ. Осы күні қазақтың «Қара сөзі», «Қара торғайы», «Қарғашы» бүкіл еуропа, Америкаға белгілі. Бетховен мен Чайковскийдің әніне бойы балқыған адам баласына қазақ әні де теріс көрінбейді.

Осы сияқты қазақ әнінің дәмін татқан Потанин қазақтың театрының да үлкен болашақ айтқан елу жылда қазақта нағыз театр туады деген Потанин. Әрине, Потанин айтты деп біз театрды қуаттамақ емеспіз, біздің айтайын дегеніміз:

Потанин қазақ ішіндегі анық әртістерде көп керек екенін айтқан.

Аны жылы Орынборда Серке деген жігіт ойнап жүрді. Бұл Серке Қостанайдың қазағы. Біздіңше Серкеде шын әртіс: Серкенің «Мырқымбайды» ойнағаны Еуропаның қай әртісінен кейін емес. Осы күні Семей жақта жүрген Жұмат Шанинді ескерейік, бұл жігіт театр үшін барын салатын адам. Жұмат Зайсанда тұрғанда ғажап тәуір сахна жасап жүрді. Жұмат Семейге келгенде онда да пьесалар қойыла бастады. Жұмат өзі әртіс, өзі жазушы. Оның «Ер халық батыры» кәдуілгідей маңызы бар пьеса.

Айта берсе, осы сықылды «Жел құстары» толып жатыр. Бізге мәлімсіздердің өзі қанша екені кім біледі. Сондықтан ұлт театрын жасау үшін ең әуелі осындай ел әртістерін жинау керек. Біздің алғашқы театрымыз бәлки өте нашар болар. Бірақ бір күнде жақсылыққа жету мақсат емес. Біздің театрларымыздың қабырғасы қалана бастасын, бара бара төбесін салармыз, түзеле келе әйнегін орнатамыз. Біраздан соң үйдің ішін әдемілерміз, әрине, ол оңай қызмет емес. Бұның жолында көп еңбек, көп михнат, керек. Ұлт театры қиалдың сағымына емес, еңбектің жемісінен тууы керек.

Біздің театрымызда алғашқы кезде өзгеше болуы керек. Біз үнемі драма көрсетуге алғашқы кезде шамамыз келмейді. Ұлт театры бір күні драма қойса, екінші күні екі ақынның айтысқанын қояр, өтірік емес, шын ақынды айтыстыруға болады. Талабы бар ақындар бұрын асқа жинаса, енді театрға жиналуы керек. Бұл сықылды айтыстар бұлардың алдында көпке газет арқылы жарияланып отыруы тиіс. Ұлт театры кейде цирк ойындарын көрсетуі мүмкін. Қазақтан шыққан бишілер (балет) ыңғайлы жігіттер Қояндыдағы тойда болып ойнаған жігіт сықылдылар өнерлерін көрсетер. Орысшалап айтқанда, алғашқы қазақ театры универсал болуы керек. Барлық әдебі мәдени өнердің бәрін бір жерге жинауы керек. Біз соңғы кезде кейбір мәселелерде соқыр еліктегіш болып барамыз. Сол сықылды театрды переуаттай салудан сақтану керек. Біз бұл жерде жалғыз кетіп көшіртуді ғана айтпаймыз. Театрдың ішкі рухын дәстүрлендіруді айтамыз.

Қазақстанның ұлт театры қазақ ұлтының бел баласы болуы керек. Жалпы адамшылық мәдениетінің базарына біреуден ұрланды емес. Өз өнерімізбен, өз еңбегімізбен тапқан бұйымды қояйық, сонда ғана халықтан ұялмаймыз.

Алғашқы тәжірибелер

Алғашқы кезде бәріміз де көңілді едік. Бұл жарайды екен, жақсы екен, ұлт театры тарихи жұмыс, ірі жұмыс деп жүрді жұрттың көбі. Ол кездегі жиналатын мәжілістерімізде толық болушы еді. Ол мәжілістерге белгілі саясат адамдары, атақты жазушылар келуші еді, ондағы сөйлейтін сөздерде ірі іргелі еді. Ұсынатын жобада толық, маңызды еді. Әлі есімде. Халық ағарту комиссариатының үлкен үйі айнала қатар түзеп отырған кісілер. Бұлардың ішінде болашақ әртістерде бар. Бұлардың ішінде әлі айтқан белгілі жазушылар да бар, мұнда қолынан іс келетіндер де бар. Бірінші сұрақ:

– Ұлт театры керек пе?

Жауап:

– Е, бұл туралы не сөз бар? Әрине, керек.

Екінші сұрақ:

– Ойнайтын әртістер таба аламыз ба?

– Әртістер неге табылмасын, ел іші толған әртіс. Солардың бәрін шақыру керек.

Тағы сұрақ:

– Бізде ойынға жарайтын пьеса бар ма?

– Пьеса табылмаушы ма еді, ең алдымен «Еңлік кебекті», «Алтын сақина», «Бәйбіше тоқал», «Сылаң қыз» жарайды. «Қызыл сұңқарлар» да жарап кетеді, іздесе тағы да толып жатыр.

– Театрға күнде келіп отыратын халық табыла ма? Халық дегенде, әрине, қазақты айтам.

– Әрине, табылады. Қызылорда түгел қазақ емес пе? Оның үстіне жүздеген қазақ қызметкерлер бар. Осының бәрі театрға келеді. Бір театрды толтырып отыратын Қызылордада қазақ бар. Алғашқы кезде сөйленген сөздер осылай болды. Дүниенің бәрі де оңай. Бәрі де жеңіл сияқты болды. Кейбіреулер осындай оңай жұмысты бұл уақытқа дейін біреу-міреу неғып істеп қоймағандығына таңқалып жүрді. Ұлт театры ол кезде құр тілек еді. Тілекті тілеу әрине, жұмыс істеуден анағұрлым оңай. Тілек тілегің келгенде, тілене салады, тілектің аяғы жүйрік, қанаты ұшқыр. Ұлт театры құр тілек болып жүрген кезде, жұрттың бәрі бұған тілектес болды. «Көп түкірсе көл» деген тілектестер келіңдер, жәрдем беріңдер, көрсетіңдер дедік біз. Сонымен тілек жүзеге аса бастады. Ел елден ойыншылар шақырылды. Жер-жерден пьесалар жиналды. Тілек орындалып, іс басталды. Орысшалап айтқанда мейрам бітіп, жабайы шаруаның күні туды. Ерсіл-қарсылы жүріс басталды. Осы кезден былай қарай театрдың жұмысында кемшіліктер көріне бастады. Жетіспегендік, әр нәрсеге олақтық, шорқақтық біліне бастады. Театр деген өз алдына бір шаруа, үлкен ауылдың жабдығынан театр деген кем емес. Жайшылықта үй ішіне керек нәрсенің бәрі театрға керек. Театр тұрмыстың айнасы. Бірақ оңай болуы үшін ең әуелі өзі тұрмысқа ұқсау керек. Театрды тұрмысқа ұқсас етіп көркейту үшін ең әуелі пұл керек. Қолына берілген пұлды дұрыстап ұқсатып отыратын басқарушы адамдар керек. Бұл ескі мәселе туралы да біз қазір мақтанатын қалде емеспіз. Әсіресе пұл жағынан кемшілік көп. Себебі Ұлт театрының керектігіне әлі едәуір жұрттың көзі әбден жеткен жоқ. Театрға керек ақша әлі күнге дейін кейбіреулердің көзінде «ойын үйі», көп керектердің ең соңғы керегі сияқты. Біздің туып келе жатқан жұртшылық осы сықылды көзқараспен оңдап тұрып күресуі керек. Қазақ елінің ілгері басуы жолында ұлт театры үлкен адырдың бірі екенін түсіну, ұлт театрын жасап алсақ, мәдениеттің бір кесегін өзіміз қылдық деп есептеу керек. Ұлт театры, әсіресе біз сықылды сауатсыздары көп халыққа өте керек. Кітап оқу үшін хат білу керек. Театрды көзі көретін, құлағы еститін адам ұға алады.

Тәрбие жұмысынан, ішіндегі айтылатын пікір ретінде кітаптың театрдан айырмашылығы жоқ, театр жанды кітап, театрда оқудың орнына адам естіп көреді. Кітаптан театрдың өресі кең. Кітап жалғыз хат оқитындардың қаруы, театр көпшіліктің қаруы.

Осы күнгі Қазақстанның ел азаматтары театрдың бұл айтылған сипатын өмірінде есінен шығармауы керек. Театр көңіл көтеретін ойын үйі ғана емес, ол өз алдына мәдениеттің бір мектебі. Театрдың басқарушы адамдары да оған осы айтылған мәдени көзбен қарауы керек. Мен басқарушы азаматтардың біреуінен бұның себебін сұраған сөзіме ол былай деп жауап берді:

– Мемлекет театрына билетті қыдырып жүріп сатамыз ба? Келген келер, келмеген қалар!

Әрине, бұл сықылды көзқарас үлкен қате, театр мәдениеттің мектебі болса, оның мәнісін жұрттың көбі әлі білмесе, біз ол жұртқа неге өзіміз барып ауызба ауыз өзіміз түсіндірмейміз?

Мемлекет театры жұрттың өзі келеді деп кеудені керіп неге отырамыз?

Бұл жерде орысқа еліктемеу керек. Орыс театры жасағанына жүз жылдан асты. Олардың тәжірибесі мен біздің тәжірибе бір емес. Театрымыз ашылмай жатып біз көпке бармаймыз. Алғашқы кезде қызықшыламай іс өнбейді, біздің театр басқарушы адамдарымыз үй үйге жүріп билет сатуға арланбасын. Істелмей қалған билет болса, бос орынға жайғастыратын кісіні дайындап қойсын, әйтеуір театрды толтырудың қамын істеу керек. Сонда ғана жаңа туған баланың денесіне қан тарайды. Сонда ғана ұлт театрымыздың буыны бекіп, бұғанасы қатады. Ал енді ойнаушыларға келейік: Алғашқы күнгі «Алтын сақина» жақсы шықты. Әсіресе кемпір, оның келіні тәуір ойнады. «Алтын сақина» жақсы ойнауға келетін пьеса. Жалғыз-ақ кемшілігі бөлімдері тым қысқа, ақшамның намазы сияқты, бұрын әртіс болып ойнаған адамдар ойланып, жасқанып, жөнді дауыс шығармаушы еді. Бұл жолы үлкен өзгерістің бары: әртістердің бәрі жүректі, нық сөйледі. Жақсы әртіс болу үшін ең әуелі жүректі бекіту керек. Содан кейін әртістің өнері бірте бірте жамала бермекші. Біздің әртістер бұл жағынан нық ұстады деуге болады. Ендігі әртістердің алдында тұрған зор мақсат: рөлін тереңдете білу, бұл сөздің мағынасы мынау: кемпір болып ойнаған әйелге дәл ойнап тұрған сағатында шынында кемпірдей өмір сүре білу керек. Сондықтан әртісшілдік болу тиіс.

Әртіс адамның ішкі сырын білсін. Өзі жиырмада болса да кемпірдің нендей өмірі барын білсін, бұл бір. Екінші, әртістің сыршылдығы жадағай адамның сырын білуде ғана емес. Тағы да үлгі етілген кемпірді алайық. Кемпірде әртүрлі бай кемпірмен кедей кемпірдің мінезі, жүріс, тұрысы бірдей емес. Әр адамның тұрмысына қарай «түрі» бар. Анық әртіс міне осыны білуі керек. «Алтын сақинадан» біз мұны ашық көре алғанымыз жоқ, анда-санда кемпірдің айтқан «балама тағы бір қатын алып берем» дегені болмаса, бір кезде жігіттің шешесіне айта салған: «не жетпейді, құдайға шүкір, малың бар емес пе?» дегендері болмаса театрда отырған жұрт ойнаған әртістерге қарап олардың қандай тұрмыстан екенін жөнді білген жоқ. 23-ғинуарда қойылған Бейімбеттің «Қырық парызында» молда болып ойнаған «дәл молдаға» ұқсап барып, ұқсап қалып отырды. Бірақ ол да әлі пьеса тану жағынан дұрыс көңіл қойған жоқ. Сонымен әртістер «әртістің ендігі ұраны жүрегін бекітіп, аяғын сахнада нық басып алғаннан кейінгі мақсаты: пьесатану жағын маңыздату, тереңдету болуы керек. Театр мәдениеттің мектебі болса, оның оқытушысы әртіс. Әртіс өзінің зор міндетін түсінсін. Көпшілікке әркім әр ұранда қызмет етіп жүр. Біреулер шаруашылық жолында, екіншілер ел басқару ісінде, үшіншілер халық ағарту жолында осылардың ішінде әртістердің қызметі ең ақырғы орында емес. Орыстың атақты әртістері Садировский, Шепкиндердің аты Ресейдің мәдениет тарихында Пушкин, Лермонтовтармен қатар жазылады. Осы күнгі станиславский, Кашалин сықылды әртістер орыстың ірі қызметкерлерінен деп саналады. Олай болса, біздің әртістерде ел азаматының бірі. Біздің жаңа дүние жүзіне шыққалы отырған жас әртістеріміз өзіне өзі осылай деп қарауы керек. Мәдениет мектебі болатын театрды біз сонда ғана жасай аламыз. Әртісті тәрбиелейтін жақсы пьеса. Бізде жақсы пьеса тым аз. Көркем әдебиеттің күні бүгін өлеңмен мен жазылған бір пьеса жоқ. Тарихта аты қалғандай ірі маңызды пьеса әлі жазушының миында жатыр. Орыстың «ревизоры» сықылды мәңгілік пьесалар біздің әлі аспандағы жұлдыз сияқты. Қазақтан Гоголь, Островскийлер шығуына енді бұдан былай тілектес болу керек. Тілекке қоса жәрдемші болу керек. Ә, дегеннен ойымдағыны жазбады деп жаңа жазушыларды сыртқа теппеу керек. Бәрі жарамаса бірі жарар. Іште жатқан өнерді сыртқа шығаруға бұрынғыдан гөрі көбірек мүмкіндік беру керек. Бұл осы күнде жалпы Ресей әдебиетінің бет алысы. Сергей Есенин асылып өлгеннен бері бұл пікір бұрынғыдан да күшейді.

Қазақстанның Халық Ағарту комиссариаты жақсы пьесаға бәйге тігіп отыр. Ең оңды жазылған пьесаға бас бәйге мың сом, одан соңғы бес жүз сом. Талапты жазушылар осы күні бәйгеге қосуға пьесаларын дайындап қойған шығар. Жалғыз-ақ айтатынымыз: ұлт театры көркею үшін жақсы жазылған пьесалар керек. Бізге қазақтың қара тұрмысынан алынған әрбір ауылдың өміріне таныс, орыстың, еуропаның пьесасындай шығарма керек.

Ұлт театры ашылғалы әлі бес-алты пьесалар қойылды. Бұлардың ішінде тәуірлері де бар. Бірақ «Алым салық» сияқтыларын енді қайта қоймаса да болады. Бейімбеттің «Қырық парызы», «Ревизорға» ұқсаған пьеса, бірақ тым шолақ. Сондай теманы толық қылып жазса! «Қырық парыз» ұлт театрында өте жақсы ойналды. Қазақтың ұлт театры жаңа, жаңа тәй-тәйлап аяғын басты. Алғашқы тәжірибе қазақ театрынан іс шығатындығын көрсетті. Бірақ театр жасалмай тұрғандағы жұрттың үміті бұдан да зор еді. Көп еңбек пен көп бейнетпен театр жасалатыны көрінеді. Қалай дегенде де ұлт театрының іргесі қаланды. Ендігі сұрақ: ұлт театры әбден салынып біткенде қандай болады екен.

Қазақша Пьесаға Бәйге!

Қазақша тұрмыс ретінен, саясат дүниесінен, не тарихтан алынып жазылған пьесаларға бәйге беріледі:

1. Пьеса жазушылар аты жөнін бөлек қағазға жазып, басқа конвертке салып жіберсін.

2.Бәйгеге түсетін пьесалар 1926 жыл, апрельдің 15-не дейін ғана қабылданады.

3. Берілетін бәйге екеу: Ең жақсы пьесаға бір мың сом, екінші дәрежелі пьесаға бес жүз сом.

4. Бәйгенің үстіне қаламақысы беріледі.

5. Бәйгеге алынбай қалған пьесалардың жарамдысы алынып, қаламақы төленеді.

Білім ордасы.

Суреттер Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма-театрының парақшасынан алынды

Басы 1-бетте

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ – 180

ОН ҮШІНШІ ҚАРА СӨЗ

Иман деген – алла табарака уатағаланың шәриксиз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа һәр неге бізге пайғамбарымыз саллала Аллаһу һалайһи уа саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын сұнып, инанмақ.

Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек.

Әуел не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып ақылы дәлел испат қыларға жараса, мұны якини иман десек керек.

Екіншісі – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық беріктік керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып көңілі қозғалмастай берік боларға керек. Бұл иманды иман таклиди дейміз.

Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Якини иманы бар деуге ғылымы жоқ, таклиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз? Құдай тағала өзі сақтасын. Уа әрнешік білмек керек, жоғарғы жазылмыш екі түрліден басқа иман жоқ. Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде құдай тағала кеңшілігімен кешеді-дағы демесің, оның үшін құдай тағаланың ғафуына яки пайғамбарымыздың шафағатына да сыймайды уа мүмкін де емес. «Қылыш үстінде серт жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрысын.

ДОЙМАҢҒҰЛ АПАЙ, ИНСПЕКТОР ЖӘНЕ КЕСІРЛІ ҚАРА ӨРЫНДЫҚ

Доймаңғүлдің мұғалім болғанына не заман. Бұл күнде кешегі бір оқушыларының балаларын оқытып жүр. Енді расы рас, баяғы киіктің лағындай лыпып тұрған талшыбықтай талдырмаш кезі келмеске кеткен. Мәйегі айналып, кеуек асқабақтай боп толысқан. Көне мектептің қисық есігінен сәл қырындап кіреді. Бір күн басы ауыратын, бір күн балтыры сыздайтын ымшық-шымшық ауруы көп Доймаңғүл, жасыратын дәнеңесі жоқ, жыл он екі ай отырып сабақ береді. Бес биенің сабасындай денесі шайқатылып, қойқаңдай басып сыныпқа кіреді. Кіреді де, атам заманғы қара орындыққа мол бөксесін нығарлай қойып алады. Сосын бас салып үй жұмысын сұрауға кіріседі. Жаңа сабақтың тақырыбын тақтаға жазар мезетте қақ алдында, бірінші партада көзі сіркеленіп отырған қыл мойын сары балаға қарап:

– Қалқанбаев, бүгінгі күн мен тақырыпты тақтаға тайға таңба басқандай етіп жаз да, әлем картасын іл, – дейді. Нән апайының әр тапсырмасын күнделікті мүлтіксіз орындап үйренген ол екі айтқызбайды.

Мол пішілген алқы-салқы денесін бір қозғап қойып, Доймаңғүл тақырыпты жіліктеп түсіндіруге кіріседі. Әрине, дүние құрып кетсе де отырған орнынан тұрмайды. Сол баяғы орындыққа шегеленген отырыс. Қолының місекерлігі бар еңбек пәнінің мұғалімі Күзембайдың (бала-шағасының рәтін көргір) үшкірлеп істеп берген бір жарым метрлік әдемі таяқшасы бар. Сол таяқшаның ұшымен шет-шеті ырым-жырым болған көнетоз картадағы өзіне керекті жерді дәл төбесінен нұқып көрсетіп қояды да, әлем-жаһанының шартарабы туралы дәрісін жосылтып кете береді.

Әркім әртүрлі сыпсыңдайды, дегенмен сабақ түсіндіруінде бір мін жоқ. Ілуде бір ақпа құлақ болмаса, балалардың басына құйып жібереді.

Қоңырау шылдыр ете қалғанда барып бауырсақ мұрны шыпшып терлеген Доймаңғүл орнынан бір-екі ұмтылып барып тұрып, журналын бір оқушыға, картаны бір оқушыға көтертіп, көлден қайтқан асыранды қаздай ырғала басып кеңсеге қарай майпаңдайды.

Сейсенбіде мектеп директоры Сәмеш бір құпия айтатындай Доймаңғүлді кабинетіне шақырып алып:

– Жеңеше, ауданнан инспектор келгелі жатыр, – деп кібіртіктеп қалды.

– Келсе үй орнында, қазан орнында... – деді Доймаңғүл еш саспастан.

Оның селт етпегеніне Сәмеш бір түрлі тіксініп қалды. Қолы дірілдеп, дауысы жыланқы шықты.

– География пәнінің берілуін жан-жақты қарайды. «Тематическая проверка...» Өткенде ана Танаштың мектебінің ойран-ботқасын шығарып кетіпті. Жылап отыр. Ендігі кезек біздікі. Біз де ертең зар еңіреп жылап қалмайық. Жеңеше, азды-көпті жинақталып, етек-жеңімізді қымтануымыз керек. Абырой ортақ... Жеңеше-ау, былай ғой, сабақ үстінде шамалы қозғалып, жүріп-тұрып дегендей... – деп көзі түлкінің баласының көзіндей жылтырап, түпкі ойын там-тұмдап жеткізді. – Үнемі отырып бересіз... инспектордан ұятты.

– Ойбай-ау, отырып берейін, тұрып берейін, сабақты әйтеуір балалардың су болып кеткен миларына сіңіріп түсіндірсем болмай ма? – деп қалың май қабағы бір кіржиіп, бір жазылған Доймаңғүл бір уақ жанары күлмеңетіп, бір жағынан қайынінілігі бар бастығына наздана қарады. – Ана үйдегі ағаң қандайына да ырза болып жүр ғой әлі...

Тіс қақты жеңгесінің уытты әзіліне жас директордың арғы жағынан күн көрінген жұқалтаң құлағына дейін шым етіп қызарып, тар маңдайы тершіп сала берді. Енді қайтсін, ыдыс-аяқ қатысы бар ағасы – осы ауылдың әкімі. Үш-төрт ата жерден қосылатын тумасы.

– Тақырыптық тексеру өткенше, тақтаның алдында тұрып, онда-мұнда жүріп дегенім ғой... – деп директор мұрны шуылдап отырған Доймаңғүлге жалынышты түрде жәудірей қарады. – Бір-жар күнге қиын емес қой...

– Осы инспектор біткеннің біздің мектепке келгісі келіп, ку емешелері құрып-ақ тұрады екен. Басқа жұмыстары жоқ-ау! – деп бір бұлқынып алған Доймаңғүл беті қыпқызыл болып отырды да, райынан қайтып көнген сыңай танытты. – Көрген жауым бір бұл емес шығар... Ал келсін... Ал көрсін... Одан қорқып өлетін жағдайым жоқ...

– Бәсе, жеңеше, сіз деген қай-да батырсыз ғой... Өйістіп енді жастықтың соңы, кәріліктің алды деп қатырып бір тамаша ашық сабақ беріңізші. Сізді кім деп жүр екен олар. Ауыздарын ашып, көздерін жұмсын, – деп бала бастық әжептәуір қуанып, қимылы шалттанып, елпектеп қалды. – Сонан кейінгісін көре жатармыз.

Шағын ауылдың қоңыр төбел мектебінде ұлы сүргін қызу дайындық басталды. Сурет пәнінің мұғалімі Сақи үсті-басы бояу-бояу болып әртүрлі көрнекіліктер дайындауға кірісті. Қолынан келмейтіні жоқ Күзембай үй-күй, бала-шағасын ұмытып, шеберханада макеттер жасаумен жүрді.

– Екеуің әзір сабақты қойыңдар. Доймаңғүл апайларың аман-есен осы тексерістен құтылса, екеуіңе екі жарты алып беремін, – деп директор әрі бұйрық, әрі емексіту сөзін айтып қойған.

Мектептің қырсық завхозы Шоқақбай қалаға глобус, карта іздеп кетіп еді, екі күнде тез оралды. Оның қалаға барып әдеттегідей ішіп кетпей, сау келгеніне ауыл боп қуанып, бөріктерін аспанға атты. Бұл да болса, құдайдың қарасқаны. Әйтпесе Шоқақбай бір ішіп кетсе, бас бермейді ғой. Бар шаруа жөніне қалады.

Осылардың басы-қасында директор Сәмеш аяғы аяғына шалынып, мұрнынан шаншылып жүр. Ауданнан телефон шырылдаған сайын өліп-тіріледі. Ұйымдастыру жұмыстары жүз пайыз жайланды-ау деген күні Сәмеш жағасы жайлауға кете қуанып, ақ жеңгесіне «бәрі дайын» деп рапорт берген. Алдын ойламайтын ақымақ емес, неше күннен бері жаны дызақтап жүрген Доймаңғүл риза болды.

– Қас-қабағыңды қалт жібермейтін қаршығадай қайныларымыз тұрғанда біздің қылшығымыз қисая ма, жүніміз жығыла ма?! – деп ерекше алғысын білдірді. Алайда бірдеңе есіне түскендей мойны кекжеңетіп, ұрты ыңғайсыз салбырай қалды:

– Кімнен жасырам, мен он бес жылдан бері отырып сабақ беремін ғой... Тұрып түсіндіру маған... қиын... азап болады-ау... – деп көкейіндегі аса бір үлкен қаупін айтты.

– Саспа, жеңеше... Бір жылға тоқты терісі де шыдайды. Бір апта бар. Тұрып-жүріп сабақ беріп, аз-аздап жаттықсаңыз, әлі жастарды жолға тастап кетесіз. Сіздердің сүйектеріңіз асыл ғой... – деп Сәмеш мақтау аралас ұсыныс білдірді.

Шегінерге жол таппай, тығырыққа әбден тығылып жүрген Доймаңғүл басын изеді де:

– Менің сабағымда мұғалімнің әнебір қара орындығын алып кетіндерші! Әйтпесе, отырып қоя беремін, – деп жыламсырағандай ма, күлімсірегендей ме болып етті беті жыбыр-жыбыр етіп өтінішін білдірді.

Бір-жар күн сабақты өткізген Доймаңғүл ырсылдап-пырсылдап мұғалімдер бөлмесіне аяғына тас байлағандай сүлдерін сүйретіп әзер жетеді. Жетеді де қырық жылғы ескі диванды ойбайлата сықырлатып сылқ отыра кетеді. Қос самайынан тер тамшылап емес, шүмектеп ағады. «Ой, көр азабы мұнан жеңіл шығар» деп бұлтиып, күңкілдеп біршама уақыт отырады.

Үш-төрт күнде Доймаңғүлдің бір қабат еті сылынып та қалды.

– Апай, әдемі болып бара жатырсыз. Жүдеген сізге жарасады-ау, – деп мектептегі жас мұғалім қыздар тамсанып та қойды.

– Өй, пәтшағарлар, тіфә-тіфә деңдерші, тілдерің өтіп кетер. Менің қаным тұщы ғой, – деп құлағына жаққан мақтау сөзге елтіп те қалады бұл.

Сол күні мектепте Доймаңғүл қоңырауға тақалып, домалай жеткен. Келсе, мәссаған, көктен түсті ме, жерден шықты ма, әлгі ауданнан келетін инспектор директордың кабинетінде екен. Завуч Зауқан басын жарға ұрып алғандай мәңгіріп жүр. Шаралы көзі одан бетер бақшиып кеткен. Тілі таңдайына жабысып:

– Апай, тезірек сыныбыңызға кіріңіз. География... – деп мұны дедектете жетелей жөнелді.

Сүріне-қабына сыныпқа кіріп, көйлегінің қыртыс-тыртысын жазған Доймаңғүл балаларды көзімен шолып, түгендей бергені сол еді:

– Сәлеметсіз бе? – деп ізінен сыпайысынған инспектор да кіріп келді. Көзі аларған, беті бұлтиған жас жігіт екен. Одан әрі көз тоқтатып қарауға жүрегі дауаламаған Доймаңғүл сабақты бастап та кетті.

Африкадағы Мадагаскарға кеше ғана барып келгендей бүге-шігесіне дейін қазбалай түсіндіріп, төгілтті-ай келіп. Тілінен бал тамады. Баяғы бір жас күніндегідей екпіндетіп, желдіртіп, әрі-беріден соң өңменденіп балалардан сабақ сұрады. Бәрі де ойдағыдай, көңілдегідей әдемі болып бара жатыр. Сабақтың қорытындысын пысықтап, енді журналға баға қоя берді де, бір кезде оншақты жылдан бері үйреніп қалған әдетімен еркінен тыс отырып қалмасы бар ма?! Орындық бар деп ойлаған. Оh, бітті! Бір Құдай жар болсын!

Доймаңғүлдің екі аяғы көктен келді. Ана салмаққа шыдасын ба, көне мектептің қалтылдап тұрған жарты қабырғасының сылағы сыдырылып құлап түсіп, арғы жағындағы қамысы көрінді. «Бұрын сабақты неге тұрып-жүріп бермеген» деп апайларына іштей тамсанып, таңырқап отырған оқушылардың зәресі ұшты.

Шұқшия түсіп бір жазып, тесіле бір қарап отырған бәкене инспектордың көзі алақандай болды. Тілі байланғандай, қолдары ебедейсіз ербеңдеп:

– Апай-ай... апай-ай... – деп жанына сүріне-қабына зорға жетті.

Аяғы аспанда, екі қолы екі жақта сұлық жатқанмен, Доймаңғүл тірі екен, кірпігі қимылдап жатыр. Сырттан жеткен директор Сәмеш бетіне су бүркіп, завуч Зауқан аузымұрнынан үрлеп дем салып, есін жинатып алды. Көзін әзер-әзер ашқан Доймаңғүл: «Ор... Орындық...» деп күбір етті.

Не болғанын түсінбей қалған жас инспектор қайта-қайта басын шайқап, таңдайын қағып, қалаға қайтты. Құдай бір ажалдан сақтап, жаны қалған Доймаңғүл оң жақ қабырғасын ауырсынып бір апта жүрді, жүрді де, түп аяғы қайыр жазылып кетті. Дегенмен кейде:

– Өліп кететін жерім ғой, өліп кететін жерім... Инспектордың «Апай-ай... апай-ай» деген шырқыраған жан дауысынан есімді жинадым, – деп ақылап-үнілеп шүкіршілік айтады.

Бұл күндері Доймаңғүл жүріп-тұрып қана сабақ береді. Алда-жалда отыратын болса, едірейіп тұрған қара орындыққа сақтана бір қарап қойып барып, еппен тізе бүгеді. Бірақ көп отыра алмайды. Аттан түскендей ұшып тұрып, секектей басып жөнеледі.

Ерғали АБДУЛЛА

ҚАЙРАН, ТҰРСЫНБАЙ! ЖАСА!

Кенен Әзірбаевтың
«...Келін тілді алмайды, кердең қағып,
Бала тілді алмайды-ау, беттен алып.
Кемпірім де соларға қосылып ап,

Отырамын ортада қайран қалып, – деп келетін «Қайран, жастық!» әнін білесіздер. Қарт кісінің мұңы. Адамның өзінен күш кеткен соң, өзге түгілі үй-ішіне де сөзі өте қоймай, әркімнің бетіне бір жалтаңдап күй кеше ме?! Ақын атамыз сол келеңсіздікті әзілмен әдемі әдіптепті. Солай екендігіне сіз де, сіз де келісерсіз, ал басқалар... Мәселен, сапер батальонінің қатардағы жауынгері Тұрсынбай Кенжесариев олай ойламайды екен: «Бұл жаңа жыл туралы ән!» деп жүрді. Расында, мұның арасынан жаңа жыл туралы бір ауыз сөз тапсаңыз кәні?

Бұл әңгіменің мәнісі сізге де түсінікті болу үшін, басынан бастайыншы...

Забайкалье әскери округі. Мирная станциясы, артполктің клубы. Жаңа жылдың алды еді, концерттің аяқталар шамасы. Жүргізуші: «Ендігі кезек жауынгер Кенжесариевте, ол қазақ халқының жаңа жыл туралы әнін ұлттық музыкалық аспабы домбыраға қосып орындайды!» деп хабарлады. Біздің жырау қызыл ағаштан ойған домбырасын сүйретіп шығып, «Келін тілді алмайды, кердең қағып...» деп айдалаға лағып кетті. Әлгінің хабарлағанындай жаңа жыл туралы бір ауыз сөз жоқ. Сонда да, «Уһ, қайран, жастық!» деп әнін аяқтаған кезде, осындағы күллі азиялықтар дүрілдете қол соғып, жер тепкіледі. Жаңа жыл туралы ән дегеніне емес, әннің қазақ тілінде орындалғандығына, домбыраның құдіретіне! Сүйсіндік, әрі қуандық! Таза қазақ тіліндегі әнді өзіңнің туған жеріңнен мыңдаған шақырым шалғай өлкеде, өзің нанға бірде жарып, бірде жарымай, керзі етік аяғыңды қажап, ұйқың қанбай, суық күнде ауыр қару-жарақ арқаланып, салпақтап жүгіргіп келіп, солығыңды басқанда тыңдап көрші, қандай күйде болар едіңіз. Мұны әркім өзі бастан өткермесе, жан жүрегімен сезіне қою әлбетте, қиын болар...



Иә, сонымен жерлесіміздің «Жаңа жыл туралы» әнін тыңдап, бір сергіп қалдық, басқа ұлттың өкілдері де елендесіп қалған секілді. Әскерге келгеніне екі-үш ай өтпей жатып, көркемөнерпаздардың үйірмесіне қатысып жүрген Тұрсынбай шынында да «Молодец!» екен. «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» демекші, шын өнердің жүзі жасырынбайды екен-ау! Оның асқан күйші екендігін бүкіл ауыл-аймағымызға белгілі еді, енді Забайкальенің қиырындағы Мирный станциясындағы дивизия түгел оны әнші ретінде танитын болды. Мұнда кеңестер одағының қай түкпірінен өкіл келмеді дейсіз, олардың мұрны қоңқиған қара қазақтың өнеріне таң қалмағаны жоқ шығар. «Одна палька, две струна» деп домбыраны мазақ ететіндер енді ондай әбес сөзді айта алмайды. Өйткені оны жетектеп жүрген осындағы қырғыз сержант. Төбелеске де дес бермейтін дегеннің өзі. Сүзетін бұқа секілді одырайып қарағанда, қалғандары ығып жүре береді. Оның бетіне қарсы келетін адам бұл маңда әзірге жоқ. Сол қырғыз екеуі дос. Әлгі домбыраны екеуі қолдан ойып жасап, бірге тыңқылдатып отыратын еді, міне, енді осындағы клубта концертке шығатын дәрежеге жетті.

Арада күндер, апталар зыр етіп өте шықты. 23 ақпан – Совет Армиясы күні! Жауынгерлерді клубқа жинады, концерт болады. Өткен жолы өнерпаздардың соңын ала шыққан Тұрсынбайымыз бұл мерекеде ойынның нақ ортасында сахнаға шықты. «Қазақстаннан келген жауынгер Кенжесариев қызыл әскерлер туралы қазақтың әнін шырқайды!» десін хабарлағыш солдат. Тұрсекең домбырасын тыңқылдатып алып, бастап ке-еп берді. Мынауыңда бет жоқ екен, тағы да: «...Бала тілді алмайды, беттен алып» деп ұре-еп отыр. «Қайран, жастық»! Тағы да дуылдата қол соқтық. Әнші жігітте еш қысылу жоқ, тершең мұрнын бір сипап сахнадан ұзай берді. Бұл мерекеден соң, 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні де келе қалды. Тағы да концерт! Тағы да, «Әйелдерге арналған қазақ әнін» жауынгер Кенжесариев орындап берді. Жаса, Тұрсынбай! Жаса, «Қайран, жастық!»

Не керек, 1 мамыр келеді – «Қайран, жастық!», 9 мамыр – «Қайран, жастық»! 1 маусым – балаларды қорғау күні... Тағы да «Қайран, жастық!»... Қатардағы жауынгер Тұрсынбай Кенжесариев әскердегі отандық борышын өтеген екі жыл бойы Кенен атамыздың осы белгілі әнін құбылтып, Конституция күніне де арнады, Октябрь революциясына да арнады, Шекарашылар күні де қалыс қалмады, соңында тағы да жаңа жыл мерекесіне әкеліп тіреді емес пе?! Әлгі хабарлағыш титақай солдат та «Қайран, жастықты» тойланар мерекеге қатысты қазақ әні деуінен танбай кетті.

«Жетесіз-ау, қазақтың басқа әні құрып қалды ма, тұрып қалған магнитафон секілді бір сөзді қайталай бермей, басқасын неге айтпайсың?» дейміз ғой домбырашы досымызға. – Қайдан білейін, ана забқұлып хахол осы әнің дұрыс, осыннан танба!», –деді ғой дейді...

Қайран, Тұрсынбай! Жаса!

Нұрмахан ЕЛТАЙ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетделіп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4472 Тапсырыс №360

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК